АСТАНА

ХАБАРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Құштар қалам қуаты

Журналист, жазушы, қаламдас әріптес Қайсар Әлім хақында эссе-фрагменттер



Әңгіменің әлқиссасында қадап ескертер жайт Қайсар Әлім аты-жөнінің алдына ешқандай эпитеттің, теңеудің, я болмаса әсіре қызыл жапсырманы қоюдың қажеті шамалы. Кей-кейде сөздің салмағын сүзгіден сараптамай жатып, орынды-орынсыз кеу-кеулеп көпіртемізау. Әйтпесе, кейіпкер мүсінін кескіндейміз деп бояуды тым әлеміштеп жіберетініміз де жасырын емес. Осы орайда әріптес досым Қайсар жайында жүрек сөзін жеткізсем: ол — журналист, ол — жазушы, бейнелеп айтсам, ол — қағілез қаламгер.

Жанат ЕЛШІБЕК,
жазушы.

Ал, өзің етене жақсы білетін жаны жайсаң жан туралы сыр шерту қиын екен. Бір-біріміздің есімімізге қар шадайымыздан қаныпыз десек те қолға қалам алып, ала қағазға тесілгенде көкейіндегі көрікті ойлардың шашырап кететіні және бар. Әншейінде сыртқа шығармай жүрек түкпірінде құндақтаған жан сырыңды түгел ақтарып, ағыл-тегіл ойларыңды ортақ арнаға біріктіргенді қалайсың ғой. Міне, діттеген мақсатымды қожыратып алмай, зерлі сөздермен әспеттеп өрнектеу үшін журналистік жанрдың өзгеше бір түрін таңдауға мәжбүрмін. Бұл қадамымның кейбіреулерге тосындау көрінуі ғажап емес. Тәуекел! Тыннан тартқан сүрлеудей сезілер бұл эссе-фрагменттерімде қаламдас бейнесін әр қырынан қашап, шығармашылық әлеміне шама-шарқымша үңілгенді жөн санадым.

Сонымен, қолына қалам ұстаған мыңдардың бірінен есептелетін қатардағы жанкешті жазарманның, жалғыз жолаушыдай журналистиканың жапан түзінде адаспай өз соқпағымен ілгері тартып бара жатқан қалам иесінің өзгелеріміз тереңірек аңғара бермейтін қалтарыстау тұстарын үзік-үзік штрихтармен елестетуді көздегенім айдай анық.

***

... Ғажайып тылсым құбылыстардың қатарына адам жады мен есте сақтау қабілеті жатса керек. Қоңыраулатқан сайын, дабылдатқан сайын сананың қатпар-қатпар бір бүкпесінде ұмытылмастай қатталып қалған елеусіз жағдаяттардың өзін аршып шығарарын қайтерсіз. Тіпті, жанарыңның алдына буалдыр мұнарға айналған сұле суреттің сұлбасын айна-қатесіз көлбеңдетіп, жан бітіргендей. Сағым жылдар жаңғырығы жұмбақтау жымия, қылықтана тіл қататын тәрізді. Иә, иә... Алаңсыз бұла шақ қайдан ұмытылсын?!

"Бала тілші" атанып жүрген кезім. Алматы тұрмақ, іргедегі аудан орталығын жетіншіге жетсем де бір мәрте көрген емеспін. Алыстағы, арман-қала, гүл-қала астананы сонда да жақсы білемін. Әрине, газет-журналдардан. Ол кезде теңіз жағасындағы қияндағы біздің балықшы ауылында теледидар атымен жоқ.

Барлық жаңалықты ауыл шетіндегі биік баған-діңгектің басындағы күмістей жылтыраған ақ шелек-радио саңқылдап айтып береді. "Аспанға адам ұшты!..", "Тарт қолыңды, Кубадан!..", "Хрущев жолдас Тың өлкесін аралап жүр..", "Алматының "Қайраты" Мәскеудің "Спартагын" 2:0 есебімен ұтты: Екі голды да өзіміздің Тимур Сегізбаев соқты!..". Міне, осы тақылеттес хабарларды Сейітжан қожаның радист баласы Қалкеннің әлгі қалпақ-радиосы істеп тұрса ғана ести аламыз. Оның өзі күні-түні зырылдап тоқ жинайтын желбатпырауығына тәуелді екенін біз жыға аңғара бермейтін ек. Маған бәрі бір. Ең қызық оқиға, ең қызық жаңалық Алматыдан келетін газет-журналдарда секілді көрінетін. Иманда ай шыным. Әсіресе, "Қазақстан пионері" газеті ең жақын айнымас серігім іспетті. Көрші "Көпбірлік" ауылындағы пошта бастығы Дәумен беріп жіберетін сары қағаз қапшықтарды рет-ретімен сағаттар бойы сапырамын-ау. Шағын ауыл болса да, алатын газет-журналдар мен хат-конверттер енапат ат көпір. "Өзіне келгендерін дұрыстап қарап, ала бер" дейді Төлеубала пошташы. Оның да жөні бар. Әр пошта келген сайын бес-алты хат алып, тең-тең газеттердің ең құрығанда біреуінде менің хабар-ошарымның жүретінін білетін ол кей күні "Бүгін "Лениншіл жас" пен "Балдырғанда" екі материалың қатар шығыпты" деп мәз ғып қояды.

Малдасымды құрып, жайғасып алған мен газеттерді асығыс-үсігіс парақтаймын. Өзіме-өзім күбірлеймін іштей. "Қайсардың мақаласы шығыпты тағы да. Жақау мен Юлай Масалиннің де дүниелері жүр... Жарайсыңдар, достарым!.. Өздері қандай жазғыш балалар. Қарап отырсам, фельетон, суреттеме, тіпті очерк жаза бастаған..." Өстіп отырғанымда даусымның қалай қатты шығып кеткенін сезсемші. Қолымдағыны аударып-төңкеріп, сыртындағы алабажақ суреттері мен түрлі-түсті маркаларын тамашалаған мезетте өзіме жазылған хаттың адресіндегі "Қайсар Әлімов" деген маржандай тізілген жазулар көзіме оттай басылған. Қостанайдың жазғыш тілшісінен келіпті. Неге қуанбассың, неге айғайламассың... Мұның алдында Алтынемелдегі Шоқан Уәлиханов атындағы ауылдағы Әнуар Қырбасовтан, Араддағы "Ақеспеден" Жақау Дәуренбековтен, Түркістандағы жас тілші Күлдірайхан Махмұтовадан хаттар алғанмын-ды. Олардың бәрі де өздері оқитын мектептеріндегі ігі істерді жазып, ой бөлісіпті. Келешекте журналист болып, әсем астанада кездессек деген үкілі үміттерін де жасырмаған. Бұған қалайша мерейленбессің.

Пионерлер газеті тамаша дәстүрлерін тұрақты жалғастырып, жер-жерде жүрген жас тілшілерін мектеп қабырғасынан жазу-сызуға бейімдеп, ынталандырып отырғаны мәлім. Жаны жомарт ағалар алыста жүріпақ, редакцияда отырып-ақ, түрлерін көрмей-ақ қаламының ебі бар ұландарды қанаттандыра, баптай білді. Әр мереке, әр қызыл дата күндері "Бұлар — біздің жас тілшілер", "Жас тілшілеріміз жазады", "Тілшілер хаттары не дейді?" т.б. арнаулы айдарлар мен тақырыпшалар арқылы ұлан-байтақ республикамыздың түкпір-түкпіріндегі өрендердің бастарын қасиетті газет бетінде жиі қосатын. Менің жеке мүкәмалдарымның арасында альбомдар мен оқушының қалың дәптеріне желімдеген үлкенді-кішілі газет қиындылары ең қастерлі мұрадай сақтаулы. Оқта-текте көңілім соққанда көзім сығырайып сол әбден сарғайып, таңбалары өшіңкіреген қимас жәдігерлеріме үңілемін. "Іштен шыққан шұбар жылан". Бәрі ыстық, бәрі қымбат. Қырық жылғы бұрынғы уақыт тынысын жеткізер сарғайған қиындылардан бүгінгі қабырғалы қаламгер досым Қайсардың есімін көру — шын мәніндегі жан толқытарлық сәт. Жас тілшілер тізіміне тесілемін. "...Жыл бойына үзбей материалдар жолдап, репортаж, суреттеме, очерктер жазған Дәулет Исабеков, Қайсар Әлімов, Жақау Дәуренбеков, Смағұл Елубаев, Слам Нұрмағамбетов, Ырым Кененбаев, Сәлім Меңдібаев секілді қаламы ұшқыр мектептегі тілшілерімізге редакцияның грамотасы және арнайы бағалы сыйлықтары табыс етілетін болды" деп болашақ қалам иелерінің аты-жөндері мен мекен-жайларын дабырата көрсетіп жариялаған "Қазақстан пионерінің" редакциялық үлкен мақаласы менің ең елеулі мұрағатымның бірі. Қайсар туралы осы дүниемді жазу үстінде тағы да қайталап жанар жүгірткенмін. Қазіргі алдамшы уақыттың, екіжүзді қоғамның, сайқал заманның жалтаң адамдарының ой-өрісінен қарағанда жоғарыда құрандай қастерлеген тізімдердің нақ ортасында Қайсардың жүруі еріксіз мырс еткізген-ді. Өйткені, тым шалғайдағы Торғайдың, Сәбит Мұқановтың әйгілі "Мөлдір махаббатынан" таныс "Қызбел" ауылынан дамылсыз хабар-ошар жазып тұратын қара баланың, аңқау ұлдың со-н-ау-у Алматыдағы редакцияда қай танысы отырған дейсіз. О дәуірдің адамдарының пиғылы да, қамқорлығы да мүлдем өзгеше еді-ау. Құштар қалам қуатын қиядан жазбай аңғарған қамқор ағалар алаңының табы күні бүгінге шейін Қайсар қаламының ұшында тұрғандай.

Мұны даралап тілге тиек етіп жатқаным бекерден емес. Қазір жазу-сызуды еркін меңгермегендер санатқа қосылып, сапымызда жүр ғой. Олардың атынан көкелері газеттерге күлдібадам материалдарды сүйкеп беріп, кейін журфакқа іліктіріп, одан соң телефондап-ақ редакция табалдырығына тұяқтарын іліктіре салады. Шикілі-пісілі көкір-шүкірмен атын шығарып, дүниені шарлайды. Тілді, жазуды жете игермеген мүсәпір пысықайлар әманда екі асап, алдыңды орап, тіпті даққа бөленіп жатады. Неткен өкінішті! Мейлі, уақыт-құдірет бәрін де реттейді. Кей-кейде әлдекімдер төңірегінде саусағыңды сорғандай сөз таба алмай қиналған көңілдің бүгін, міне, көпіршіп, өршіп, асқақтап ернеуіне сыймай жатқанын сезесіз, сүйікті оқырман...

Кінәлайсыз ба, құптайсыз ба? Өз еркіңізде. Жүректі шідерлеу қиын.

Біз де көңілдің көк дөненін тұсаулай алмадық... Сонымен, кезекті штрихқа назар аударыңыз.

***

Өткен ғасырдың алпыс бесінші жылы. Шартараптан құстай ұшып жеткен абитуриенттер ару Алматыны бұрынғыдан бетер жасартып, жайнатып жіберген. Алау шақ суретіне көңіл терезесінен қарағанда жұдырықтай пәк жүрегің құлдыраңдаған құлыншақтай кеудеңе сыймай дүрсілдейді-ау! Алтыншы-жетінші сыныптан бастап жарық көргендерімді тор көз дәптерге желімдеп алып, талай нәрсені жазып, түгесіп тастаған жанша ҚазМУ-дің журфагына жеттім. Ә дегеннен маңдайым тасқа тигендей мең-зең күй кешкенім рас.

— О, өзіннің жазғандарың әжептеуір екен. Оқуға түсіп кететін-ақ түрің бар, - деді журфактың құжат қабылдаушы апайларының бірі. — Бірақ, міндетті түрде приписное свидетельство керек, екі күннің ішінде Үштөбеңе барып, аудандық әскери комиссариаттан алып келе ғой...

— Әй, қайдам, үлгере алмас. Ерсілі-қарсылы шапқылап жүргенде, - деді құжат қабылдайтын екінші бір уылжыған жап-жас қыз күмәндана. Менің бетіме елжірей жанар тіктеген қалпы. — Апай, обал болайын деп тұр. Әзір журналист қой, қараңызшы мына жазғандарын. "Қазақстан пионері" мен "Лениншіл жастың" өздері келешекте жақсы журналист шығады деп, табақтай-табақтай мінездеме беріпті.

— Болмадың ғой, өзің тықылдап. Әлгінде документтерін мен де көрдім емес пе?! Биылғы тәртіп те, талап та солай. Военкоматтың қағазы болмаса, ешқандай құжат қабылданбайды. Жарайды, қарағым, сәл отыра тұршы. Ответсекретарьға мыналарыңды көрсетіп шығайын тездетіп. Мүмкін...

Ауылдан келген маған бәрі жұмбақ, бәрі дүмбілез. Приписной не? Әскери комиссариат не? Ответсекретарь кім? Ең ақыры, өзім документ тапсырып отырған ҚазМУ-дің жанындағы әйдік поштаны айналып кетсем болды, келген жағымды оңайлықпен таба алмай, шыркөбелек айналып жүрерім әбден кәдік. Оның үстіне "Үштөбеге барып кел" дейді. О нес-і-і? Әйтеуір, көңілге медет – қарсы алдымда жәутеңдеген құжат қабылдаушы қыз. Қанатымен су сепкен қарлығаштай шырылдағанын көрмейсің бе? "Сонда ол кім? Бұл да оқытушы ма, екен?.. Мүмкін емтихан алатын шығар. Ә..."

Аузымызды ашқан аңғалдықты қойсайшы. Қабылдау бөлімінің жауапты хатшысы да заң алдында иілмей, өз ақылын айтқанға ұқсайды.

— Ешқайда алаңдамай, шапқыламасын. Тура қазір КазПИ-дің филфагына документін тапсырсын, оларда әскери кафедра жоқ. Приписнойсыз қабылдап жатыр дейді. Кәне, қарағым, мыналарыңды ал да жүгір. Филфагы не, журфагы не?.. Тездет...

Шынымен-ақ үміт сәулесі қол бұлғағандай. Екі өкпемді қолыма ұстап, әлгі "жанашырларым" сілтеген тұсты бағыттаққа алдым. Айтпақшы жол-жөнекей университеттің алдындағы қаз-қатар тізілген құжат өткізгендердің тізімдеріне аз-кем кідірдім. Журналистика факультетіне тапсырғандардың арасынан өздерін көрмесем де, сырттай атыжөндеріне әбден қанық үш-төрт юнкордың фамилияларын ұшыраттым. Сол таныс та, бейтаныстардың ішінде Қайсар Әлімов те жүр. Өзіме-өзім жымыңдаймын. "Оқуға түсіп кетсе, күзде сабақ басталғанда бір-бірімізді іздеп, тауып алармыз. Сөз жоқ, кездесеміз..."

Әрине, бәрі де адамның ойлағанындай бола бермейді-ау. Мен кешкен кепті Қайсар да басынан өткізіпті. Барлық емтиханды ойдағыдай тапсырған ол соңғысынан сүрініпті. Ақиқатында құлатып жіберген. Шалғайдағы ауыл мектебінде неміс тілі пәнінің маманы болмағандықтан, өмір-бақи оқымаған бұл сабақтың тұсына аттестатқа "қанағаттанарлық" деген бағаны толтырады. Міне, бар қырсық алдынан күтіп тұрғандай. Шет тілінен соңғы емтиханда ауыз ашпаған бозым балаға Шварцман деген мұғалім екіні қонжита салады. Тағдыр төлкегі шығар. Сеңсоққан балықтай есеңгіреген қайсар да, өжет көкөрім ауылға қайтып баруға намыстанып, әйтеуір бір жоғары оқу орнына түсіп кетуді ойлайды. Осылайша түп-түзу сүрлеу басқа арнаға жетелеген. Бұл тараптағы әңгімені кейінірек қозғармын...

***

...Өткен жылғы жазғы демалысымды Керекудің түбіндегі "Мойылды" шипажайында өткіздік. Белгіленген ем-домымызды қабылдаған соң, бір мезгіл аулаға шығып сейілдейміз. Күнұзақ теледидарға тесіліп, бөлмеңде сарсылып жата беру де жалықтырады. Қос-қос, топ-топ тыныгушылар. Ерсілі-қарсылы шипажайдың төңірегін шиырлайды. Өзара әңгіме-дүкен құрысып, қаздай тізілген орындықтарда шүйіркелесіп отырғандар да мәз. Кеш үйіріле іргедегі би алаңынан әсем саз төгіледі. Күндегі сурет. Кеше де, бүгін де, сөз жоқ, ертең де қайталанар. Мөлдір тамшылары көкке атқылаған қарапайым бұрқақ-әуіздің жанында жалғыз өзі отырған ақ тақиялы кісіні байқағаныма да екінші күн. Жай емес, кітап оқып отыр. Іздеген жоғын тауып алғандай, алақанындағы кітаптан бас көтерсейші. Жанынан өтіп жатқандарды елемейді. Жазу-сызудың маңындағы өз әріптестерімнің бірі емес пе екен? Қанша көз сүзсем де ешкімге ұқсатпағанмын. Сөйтсе де сыр суыртпақтап көрейін, шамасы әдебиетке жақындау кітапқұмарлардың бірі болар. Мүмкін, сөзіміз жарасып кетер. Осы оймен бейтаныстың қасына тақауым мұң екен.

-Келіңіз, мына жерге отырыңыз, - деді елпілдеген елгезек қарт. —Екі-үш күннен бергі ермегім ғой. Тамаша кітап...

-Авторы кім? - дедім шыдамсыздана сөзін бөліп.

Ол қолындағы кітабының мұқабасына мипаздау үңіліп:

-Қайсар Әлім деген жазушының "Жаныңу" атты кітабы ғой. Өзі өте жақсы жазады екен. Санаторийдің кітапханасынан жаздырып алдым.

Мен еріксіз жымидым. Бірақ... Бар құпиямды ішке бүгіңкіреп бейтаныс ақсақалды тілге тарттым.

-Аға, өзіңіз кітапты тәуір көретін секілдісіз. Әдебиетші, әлде мұғалім емессіз бе?

-Айналайын, менің мамандығым мүлде басқа. Әдебиетші де, оқытушы да емеспін. Бүкіл ғұмырымды темір жолға арнаған жанмын...

-Е-е... Кешеден бері байқап жүрмін. Біздің Қайсекеңнің кітабын қолыңыздан тастамайсыз. Қатты ұнаған-ау шамасы, өзіңізге...

Бейтанысым аңырған қалпы, бетіме үн-түнсіз қарағыштай берген. Әлден кейін барып:

-Шын айтып отырсыз ба? Бұ кісіні танисыз ба? Бәсе, пошымыңызға қарасам, өзің де қара жаяу кісі көрінбейсің. Журналист боп жүрмегей, - деді аңқылдай.

-Иә. Біз "Егемен Қазақстанда" бірге қызмет істейміз!

-Апырмай, мұндай да ұшырасу болады екен. Аты-жөнің кім? Өзің Ақселеу Сейдімбекті білемісің? Бұқпа Әшімов пен Кәмел Жүнісстегі туралы естіп пе едің?..

Жерден жеті қоян тауып алғандай, сұрақтарын бастырмалатқан бейтанысымның жүзі бал-бұл жанып, қолындағы кітабын аялай сипалап, іші-бауырыма еніп барады. Біраз жайдан хабары бары сөз саптауынан ап-анық аңғарылады. Өзі сауал тастап, өзі жауап қайырып отыр. "Егеменді" үтір, нүктесіне дейін қалдырмай, сүзіп оқитыны сезіледі. Сәл тыныс сәтінде мен де көмейіме кептелген сұрақтарымды шетін ширата, бірінен соң бірін көлденең тартқанмын.

-Өзіңіз Жезқазған өңірінен, не Қарағандыдан болдыңыз ғой. Аты-жөніңізді айта отырыңыз, бөтен емес сияқтысыз. Сөз қадірін білетін бауырларыңыздың есімдерін аузыңызға тегін алмаған шығарсыз. Әлгінде сұраған жерлестеріңіздің бәрін де жақсы танимын. Ал, Ақселеу ағамызбен кезінде "Лениншіл жас" пен "Социалистік Қазақстан" газеттерінде қоян-қолтық бірге еңбек еткенбіз. Қазір де жиі араласып тұрамыз...

Қайсардың кітабы таныстырған көкірегі ояу, көзі ашық қарияның сойы — Серік Смағұлов. Қырық жылға тақау Ағадыр стансасының іргесіндегі Доңғал темір жол бекетінде тапжылмай жұмыс істепті. Отыз жылдай станса бастығы болыпты. Қазақстан темір жолының ардагері өз кәсібінің бүгеу-шігесіне дейін жетік білетін жоғары білімді маман көрінеді. Үлкен ұлы Бүркіті әке жолын қуыпты. Бұл күнде әйгілі Майқұдық темір жол стансасының бастығы. Басқа да балалары бар, өніп-өскен шаңырақ иесі. Серік ағамен лезде тіл табысып, шүйіркелесіп кеттік. Ақын-жазушылардың аты-жөндерін жай ғана атап қоймай, олардың еңбектерінен әжептәуір хабардар ағамыздың әдебиетші не жазушы болмай, басқа кәсіпті күйттеп кеткеніне іштей қынжылыс сездірген де едім. Бұл ойымды шідерлемей сыртқа шығарғанымда болат жолдың бапкері ыңғайсыз кейіп танытқан.

(Соңы 6-бетте).